

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Мінез

Мінез – адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік. Ол – көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктердің қосындысы, сонымен қатар адамды әр қырынан көрсететін қасиет. Мінез бітістері көп. Олардың бәрі де жеке адамның қасиеттері болып табылғанмен, мұның кез келгені мінездің бітістері болып саналмайды.

Әр адам сыртқы дүниенің сансыз тітіркендіргіштеріне өз әлінше түрліше жауап қайтарып отырады. Бұл жауап реакциялары оның сыртқы дүниемен қалайша қатынас жасайтынын көрсетумен қатар, біртіндеп беки келе сол адамның үйреншікті әдетіне, мінез-құлқының мәнеріне айналады. Сөйтіп, әр адамда әр түрлі мінез бітістерінің болуы оның сыртқы ортамен түрліше қарым-қатынас жасауының нәтижесі болып табылады.

Адамның сыртқы ортамен байланысу үшін жасайтын осындай қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды.

Мінез туралы алғашқы ғылыми түсініктер ерте заманнан келеді, ол әр адамның өзіндік адамгершілік қасиеттерінің мен ойларының боларын сипаттаған Аристотельдің есімімен байланысты. Оның шәкірті, ежелгі грек философы Теофраст (б.э.д. 372-287) адами ерекшеліктерді жүйелеп, оның 30 қасиетін көрсеткен, мысалы: ашық, жасапмаз, сөзшең, т.б. Теофраст өзінің «Этические характеры» тракты арқылы ғылымға «мінез» (грек. character – қасиет, сапа) терминін енгізген. Кейіннен, француз жазушысы Ж. Лабрюйер (1645-1696) ұзақ уақыт бойында зиялы қауымның қылықтарын бақылай келе, мінездің мыңнан аса типтік қасиеттірін сипаттаған.



Адам мінезіне кіретін жеке адам ерекшеліктері:


1. Іс-әрекеттің мақсатын таңдауда адамдардың әрекеттерін айқындайтын жеке адам қасиеттері.

2. Алға қойылған мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттер.

3. Темпераментпен байланысты инструменталды бітістер.

Осы бітістердің барлығы бір адамның бойына жиналып адам белгілі бір типке жатқызылады.





Мінез қырларының көптеген топтастырулары бар. Психологиялық әдебиеттерде көбінесе екі бағыт кездеседі. Біріншісі, мінез қырларын психикалық процестермен байланыстырады және ерікті, эмоциялық және интеллектуалды қырларды бөліп қарастырған. Мінездің ерікті қырларына жататындар: табандылық, батылдылық, қайсарлылық, өжеттік, сабырлылық, байсалдылық, дербестілік, белсенділік, ұйымшылдық. Эмоциялық қырларына екпінділік, әсерленгіштік, қызбалық, инерттілік, байыпсыздық, қайырымдылық. Ал, интеллектуалдық, қайырымдылық.

Екіншісі, мінез қырларын тұлға бағытына байланысты қарастырады. Тұлға бағдарының мазмұны адамдарға, іс-әрекетке, қоршаған әлемге және өзіне - өзі қатынасы кезінде көрінеді.

Мінездің қалыптасуы даму деңгейлеріне және ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі топтарда өтеді (отбасы, достық орта, сынып, спорт командалары, еңбек ұжымы т.б.). Әр топтың құндылықты ерекшеліктеріне байланысты мінез қырлары да дамиды. Мінез қыры дегеніміз адамның белгілі бір жағдайдағы мінез-құлқын анықтайтын психикалық қасиет ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар, Э.Кречмер бойынша дене бітімі бет әлпетіне қарай астеникалық тип-арық, жіңішке адам, соның арқасында ұзын болып көрінеді. Астениктердің дене және бет терісі жұқа. Иықтары кішкентай. Саусақтары ұзын жіңішке, бұлшық еттері нашар жетілген, ал әйел адамдар сонымен қатар кішкентай болады. Атлетикалық тип-орташа және ұзын бойлы, иықтары кең, көкірегі үлкен, басы ұзынша, әрі тығыз, қаңқа сүйектері мен бұлшық еттері жақсы жетілген. Пикниктик тип- орта бойлы, мойны қысқа, семіруге бейім, себебі бұлшық еттері мен қозғалыс аппараттары нашар дамыған.





И. П. Павлов адамның мінез бітістерін жоғары нерв қызметінің тұрақ типтері мен өмір сүру барысында қалыптасатын уақытша нерв байланыстарының өзіндік «құйындысы» деп түсіндіреді. Бұл жөнінде ол былай деп жазды: «...адамның мінез-құлқының бейнесі нерв жүйесінің тұрақ біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды, сонымен бірге организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға да байланысты, демек, кең мағынада айтқанда, үнемі тәрбелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады».

Мінездің еріктік сапаларының өзі күшті және әлсіз болып бөлінеді. Күшті мінезге – мақсатқа талпынғыштық, дербестілі, тоқтамға келгіштік, батылдық, шыдамдылық, тәртіптілік, жинақылық, ерлік т. б. жатса, әлсіз мінезге негативизм, иланғыштық, қыңырлық, ұстамсыздық, жүрексіздік, т. б. кіреді. Мінез сондай-ақ ауыр, жеңілтек, мінезсіз, сотқар, тентек, бейбастақ т. б. түрлерге бөлінеді.

ТИПТІК МІНЕЗ БІТІСТЕРІ

Отан сүйгіштік	Кісінің бойындағы күш – қуатын, білімі мен тәжірибесін халық мүддесіне оның игілігіне яғни адамның кір – жуып- кіндік кескен жеріне білдіретін перзенттік борышы оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім.
Мақсаткерлік (мақсатқа танушылық)	Адамның өз мінез – құлқын көздеген мақсатына алаңсыз бағыштауы, мұны өзінің ұстаған бағыт – бағдар позициясына, таным мен сеніміне, асыл – арманына бағындыра алуы. Алдағы мақсатынан ауытқу, бос белбеулікке салыну – ар – намыс пен ожданға сиыспайтын қасиет.
Борыш пен жауапкершілік	Адамның үйі – іші, әке – шеше, тума – туысқандарына қатысты перзенттік парызынан туындайтын қасиет. Мұның негізінде өзін әлпештеп, адам етіп өсіргендердің алдындағы жауапкершілігін бар санасымен терең аңғара алып, түсіну, сондай – ақ осы арадағы өз парызы мен қарызын қалай ақтау жолын ойластыру.
Мейрімділік пен ізгілік	Егіз қозыдай осы екі қасиет – басқаларға (әке – шеше, ағайын, туыс, таныс т.б.) көңіл бөлу, олардың сеніміне ие болу, айналасындағылармен өзара дұрыс қарым – қатынас жасау, адамға эмоциялық жағынан тиімді. Кісінің шат – шадыман тіршілігі өте маңызды.

Мінездің психологиялық теориялары 19 ғасырдың аяқ кезінен бастау алады. Сол кездегі зерттеушілер адамның мінезін дене құрылысына қарай түсіндіруге тырысқан. Осы кезде френология ағымы қалыптасты. Ол ағым бойынша адамның бас сүйегіне, формасына, жүйке саласына қарап адамның мінез-құлқын кезде френология ағымы қалыптасты.

Осы кездерде көптеген ғалымдар мінез мәселесімен айналысты: неміс психиаторы **Э.Кречмер**, **У.Шелдон**, **К.Леонгард**, **А.Е.Личко** т.б.

Мінез акцентуациясы А.Е.Личко бойынша: жас өспірімдерді бақылауға негізделген, нақты бір мінез күшейуін қарастырды, ол сыртқы жағдайларына байланысты.



Карл Леонгард

Тұлға және мінез

Тұлға құрылымында ең орталық орынды мінез алады. Адам мінезі көптеген адам бойындағы ерекшеліктерге, соның ішінде танымдық процестерге де әсер етеді. Мінез әрбір адамның жеке-даралығын және жеке адамдық ерекшеліктерін көрсетеді. Психология ғылымында мінез топтастырылып оның қасиеттері мынадай төрт түрлі жүйеге бөлініп қалыптастырылады; қызығушылықтарымен, қажеттіліктерімен, бағдарларымен, мотивімен байланысты.

Ондай қасиеттер адамның әр алуан нәрселерге қатынас ерекшеліктерін көрсетеді.

Мінездің қалыптасу ерекшелігі

Психология ғылымында мінез топтастырылып оның қасиеттері мынадай төрт түрлі жүйеге бөлініп қалыптастырылады. Ондай қасиеттер адамның әр алуан нәрселерге қатынас ерекшеліктерін көрсетеді.

1. Мінездің еңбекке байланысты қасиеттері: еңбексүйгіштік, адалдық, еңбекке жауапкершілікпен қарау, жалқаулық, немқұрайдылық.

2. Ұжымға, адамға қатысты қасиеттер: қайырымдылық, сергектік, талапқойғыштық, асқақтық, менсінбеушілік.

3. Өзіне-өзінің қатынасы: өркөкректік, тәкаппарлық, мақтаншақтық, өзімшілдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік.

4. Заттарға қатынасы: ұқыптылық, салдыр-салақтылық, заттарды ұстап тұтынуы, ұқыпсыздығы.

Сонымен адам мінезі еңбекке, жұмысқа, басқа адамдарға деген қатынаста, өз ісіне деген қатынасында пайда болады.